

**№1-педагогикалық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

2025 жылғы «29» тамыз

Қатысқандар: 7

Болмағандар: 0

«Педагогикалық старт: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымның 2025 – 2026 оқу жылына арналған қызметін ұйымдастыру және жоспарлау.»

Күн тәртібі:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.
2. Жазғы сауықтырудың нәтижелері.
3. 2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау:
 - мектепке дейінгі ұйымды дамытудың негізгі басымдықтарын талқылау;
 - «Адал азамат» және біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыру және жүзеге асыру;
 - педагог қызметкерлерді аттестаттау: жаңа тәртіп және біліктілік санаттары;
 - балалардың кешенді қауіпсіздігінің стратегиясы: педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек?
4. Бекіту:
 - вариативті, ҰІӨ, күн тәртібінің регламентін;
 - педагогтердің перспективалық жоспарларын қарастыру және қабылдау;
 - 2025 – 2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы»
 - 2025-2026 оқу жылында педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарлары;
5. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші болып балабақша меңгерушісі Әйтбембет Эльмира Сайлаубекқызы сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін оқыды. Жазғы кезеңде барлық жоспарланған іс-шаралар ұйымдастырылғанын және өткізілгенін атап өтті.

Балабақшамыздың аудан/ауыл барлық балабақшаларының арасындағы рейтингі анықталды. Рейтинг бойынша көрсеткіштің неліктен төмен немесе жоғары болуының себебін түсіндірді, осы бағыттағы жұмыстың негізгі перспективаларын белгіледі.

Бірінші мәселе бойынша балабақша мейіркеші А.Кожаметова сөз сөйледі. Балабақшада жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыстар мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылғанын атап өтті. Ол жазғы кезеңде өткізілген сауықтыру іс-шаралары туралы есеп беріп, осы жазда шуақты күндердің көп болғандықтан және балалардың ашық су айдындарында шомылуына мүмкіндік көп болғанына байланысты бұл олардың жақсы шынығуына ықпал еткенін айтты. Жазғы кезеңде ауладағы бассейнде жүзу ҰІӨ өткізілді. Жазғы алаңда таңертең күнделікті түрде гимнастика жасалды. Жазғы іс-шараларды және белсенді демалысты ұйымдастыру үшін мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізудің жоспар-кестесі құрылды. Су ішу режимі сақталды. Мәзірге балғын шырындар, жемістер, көкөністер енгізілді. Балалардың таза ауадағы қозғалыс белсенділігі орташа және төмен қарқынды ойындарымен қамтамасыз етілді, құм және сумен, спорттық құралдармен ойнауға арналған ойыншықтарды сыртқа шығару ұйымдастырылды.

Шешім: 1. Жазғы сауықтыру кезеңінде балабақшамыздың педагогикалық ұжымының жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін: «бірауыздан» – 7

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері М.Рахмет сөз сөйледі. Ол педагогикалық кеңеске қатысушыларды жылдық міндеттер, жұмыстың тәрбие-білім беру процесінің негізгі бағыттары және 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық міндеттерді орындау бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, оның ішінде ҚР ОАМ 30.07.2024ж. №194-бұйрығымен бекітілген «Адал азамат» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстырды. «Адал азамат» бағдарламасында балалардың кешенді қауіпсіздігін ұйымдастыруға ерекше мән берілген: педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек? Сондай-ақ, жылдық жұмыс жоспарында педагог қызметкерлерді жаңа жүйе бойынша аттестаттауға ерекше назар аударылатынын және осы бағыттағы жұмыс жаңа оқу жылында жалғасатынын атап өтті.

Шешім: 2. Балабақшаның 2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарының жобасы бекітілсін және негізге қабылданын: «бірауыздан» – 7;

- Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Э.Әйтбембет сөз сөйледі. Балабақшада 2 топ жұмыс жасағандықтан «Жас өркен» ересек тобында 1 сағат вариатив жоспары болу қажет.

Шешім: 3. Вариативті, ҰІӨ, күн тәртібінің регламенті бекітілсін. Педагогтердің перспективалық жоспарларын қарастырылсын және бекітілсін.

-Педагог қызметкерлердің 2025 – 2026 оқу жылына арналған өз білімін жетілдіру жоспарлары және үйірме жұмысының циклограммалары бекітілсін.
-2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» балабақша психологі М.Маханбетиярова сөз сөйледі.Құрметті әріптестер сіздерді жаңа оқу жылымен құттықтаймын,шығармашылық шабыт тілеймін.Биылғы жылдағы нұсқаулық хатта басты назарға алынған «Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру.Мобильді консультациялық пункттерде «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру.Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру.Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу.Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету.Экологиялық мәдениет,құқықтық және қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру.Мерекелік шараларды ұйымдастыру (мерекелер,ертеңгіліктер,сауық-кештер).Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру. «Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасы бойынша мәселелерге тоқталып өтті.

Шешім: 2025-2026 оқу жылында «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» нұсқаулық хат бойынша тиісті жұмысты жүргізілсін.
Педагогикалық кеңес мүшелері мен шақырылған тұлғалардың ұсыныстары, ұсынымдары мен ескертулері қабылданды.



Төраға
Хатшы

Э.Әйтбембет
М.Рахмет

Э.Әйтбембет
М.Рахмет

№2-педагогикалық кеңес отырысының

ХАТТАМАСЫ

2025 жылғы «29» қараша

Қатысқандар: 7

Болмағандар: 0

«МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану».

Күн тәртібі:

1. Алдыңғы №1-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау меңгеруші
2. Ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық әрекетін дамыту.» (баяндама) әдіскер
3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер
«Үй жануарлары» А.Бахтыбаева
«Балапандар» Ж.Курманалиева

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Э.Әйтбембет сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау:
– Педагогикалық кеңестің өткендегі шешімі бойынша барлық топтарда педагогтердің перспективалық жоспарлары құрылды, жұмысты жоспарлау Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хатқа сәйкес жүргізілді, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізуі міндетті құжаттар тізбесін жүргізуді, ата-аналарға арналған ақпарат жаңартылуын әкімшіліктің тұрақты бақылауында ұстау. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында әдістемелік отырыстарға, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сағаттарына және т.б. қатысуы тұрақты негізде жүргізіледі.

Шешім: 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімі (хаттаманың №1 және 29 тамыз күні) орындалды деп танылды:
«бірауыздан» – 7

«Ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық әрекетін дамыту.» (баяндама) әдіскер

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері М.Рахмет сөз сөйледі. Мектеп жасына дейінгі кезең – баланың тұлғалық және танымдық дамуының ең маңызды сатысы. Осы кезеңде баланың қоршаған ортаға деген қызығушылығы

артып, ойлау, есте сақтау, қиялдау қабілеттері қалыптасады. Баланың жетекші іс-әрекеті – ойын. Сондықтан ойын арқылы оқыту мен дамыту – тиімді әдістердің бірі болып табылады.

Негізгі бөлім

1. Танымдық әрекет ұғымы

Танымдық әрекет – баланың қоршаған ортаны танып-білуге бағытталған белсенді іс-әрекеті. Ол келесі психикалық процестерді қамтиды:

- Ойлау
- Есте сақтау
- Зейін
- Қабылдау
- Қиял

Баланың танымдық белсенділігі неғұрлым жоғары болса, оның даму деңгейі де соғұрлым жақсы болады.

2. Ойынның маңызы

Ойын – баланың табиғи қажеттілігі. Ойын барысында бала:

- Қоршаған ортаны танып біледі
- Әлеуметтік қарым-қатынасқа түседі
- Шығармашылық қабілеттерін дамытады
- Өз бетімен шешім қабылдауға үйренеді

Ойын баланың шаршауын басып қана қоймай, оның қызығушылығын арттырады.

3. Ойын түрлері және олардың танымдық дамуға әсері

Дидактикалық ойындар

- «Не артық?»
- «Түстерді ажырат»
- «Сандарды тап»

4. Ойын арқылы танымдық әрекетті дамыту әдістері

- Баланың жас ерекшелігіне сай ойын таңдау
- Ойын барысында сұрақтар қою
- Баланың белсенді қатысуын қамтамасыз ету
- Мадақтау және қолдау көрсету
- Ойын нәтижесін талқылау

Қорытындылай келе Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық әрекетін дамытудың ең тиімді құралы. Дұрыс ұйымдастырылған ойын баланың ойлау қабілетін арттырып, қоршаған ортаға деген қызығушылығын қалыптастырады. Сондықтан тәрбиешілер мен ата-аналар ойынның тәрбиелік және дамытушылық мүмкіндіктерін толық пайдалану қажет.

Шешім: М.Рахметтің баяндамасында айтылғандай балалардың ойлау қабілетін арттыру үшін күнделікті түрлендіріп, қызықтыруымыз қажет.

3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет. «Балдырған» кіші тобы «Балапандар»

Тәрбиеші Ж.Курманалиева сөз сөйледі.

Тыңдалды:

Менің мақсатым: Балаларға балапандарды таныстыру. Оның сыртқы келбетін, тамақтануы мен қимыл-қозғалысын түсіндіру. Сөздік қорын молайту, дыбысталуын дауыс ырғағына салып айтқызу. «Ақылды балапан» ертегісін оқып беру арқылы баланың анаға деген махаббатын сезіндіру. Мейірімділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Мен мақсатыма жеттім деп айта аламын.

Шығып сөйлеушілер

Тәрбиеші: А.Бахтыбаева мен Жанар әріптесімнің іс-әрекеті маған ұнады. Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес ойындар алған, балалар қызыға орындады.

Музыка жетекшісі: К.Ерназарова әріптесімнің іс-әрекеті маған қатты ұнады. Ойындары да ұнады. Бір айта кететін ұсынысым бар.

«Жас өркен» ересек тобы «Үй жануарлары» Тәрбиеші: А.Бахтыбаева

Тыңдалды:

Менің мақсатым: Балаларға үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, олардың пайдасы, маңызы, туралы түсінік беру. Олардың түрлерін бір-бірінен ажыратуға, тақпақ, жұмбақ шешу арқылы тіл байлықтарын дамытумен бірге олардың тигізер пайдасын айту. Ұлттық тәрбие негізінде экологиялық тәрбие бере отырып, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Мен мақсатыма жеттім деп ойламын.

Шығып сөйлеушілер:

Тәрбиеші: Ж.Курманалиева Айша әріптесімнің ұйымдастырылған іс-әрекеті маған ұнады. Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес ойындар алған. Бір ұсынысым бар балалар жұмыс жасағанда тысқары қалып қойды. Ата мен әже балаларды шақырып жұмыс жасағанда жақсы болар еді.

Шешім: Тәрбиеші Ж.Курманалиева мен А.Бахтыбаеваның ұйымдастырылған іс-әрекеттері жақсы деп бағалансын.

Бірауыздан -7

Педагогикалық кеңес мүшелері мен шақырылған тұлғалардың ұсыныстары, ұсынымдары мен ескертулері қабылданды.



Төраға

Хатшы

Э.Әйтбембет

М.Рахмет

**№3-педагогикалық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

2026 жылғы «26» қаңтар

Қатысқандар: 7

Болмағандар: 0

«Сурет салу қызметінің дәстүрден тыс әдістерін қолданып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту».

Өткізу формасы: «Іскерлік ойын».

Күн тәртібі:

1. № 2-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау (МДҰ меңгерушісі).
2. «Сурет салу қызметінің дәстүрден тыс әдістерін қолданып, балалардың шығармашылық қасиеттерін дамыту. баяндамашы Ж.Курманалиева.
3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер
 - 1) «Көңілді аспаптар» Музыка жетекшісі К.Ерназарова
 - 2) «Қыс қызығы» тәрбиеші Г.Берекетова
 - 3) «Теңіз түбіндегі өмір» М.Маханбетиярова
4. Педагогикалық кеңес шешімі.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Әйтбембет Эльмира Сайлаубекқызы сөз сөйледі. МДҰ-ның инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалануда жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар балалармен жүргізілетін ойын әрекеттері де өз уақытында өткізілуде. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау:

Шешім: 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімі (хаттаманың №2 29 қараша) орындалды деп танылды:
«бірауыздан» – 7;

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Ж.Курманалиеваның сөзі тыңдалды, «Сурет салу қызметінің дәстүрден тыс әдістерін қолданып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» атты баяндамасы бойынша таныстырды. Шығармашылық дағдыларды дамыту бағыттары:

.Сурет салу (дәстүрлі емес тәсілдерді:саусакпен,губкамен,тіс щеткасымен)

.Мүсіндеу,жапсыру

.Құрастыру (LEGO,табиғи материалдар)

.Музыкалық-ырғақты кимылдар

.Рөлдік және театрландырылған ойындар ойнатуға болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдылар бойынша сурет салу әректін дәстүрден тыс әдістері арқылы қызығатынын байқадық.

Шешім: Мектеп жасына дейінгі балаларға сурет салу қызметінің дәстүрден тыс әдістерін қолдану барысында балалар қызыға орындағанын байқадық. «бірауыздан» – 7 қабылдады.

Үшінші мәселе бойынша музыка жетекшісі К.Ерназарова сөз сөйледі.Әріптестер менің ұйымдастырылған іс-әрекетімнің тақырыбы «Көңілді аспаптар» міндеттерім Балалардың есту қабілетін,шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.Әртүрлі аспаптардан шығатын дыбыстарды балаларға таныстыру.Аспаптарды қолдану арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту.Балалар дыбысты ажыратып,ырғаққа еніпойын арқылы музыкалық білімін дамытады,тыңдау дағдысы артады.Мен өз міндетіме жеттім деп айта аламын.

Шығып сөйлеушілер: Әдіскер М.Рахмет Әріптесім Клара апайдың ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұйымдастырылуы жақсы,балалар қызығып белсенділік танытты.

Тәрбиеші: Ж.Курманалиева әріптесім Клараның музыка ұйымдастырылған іс-әрекеті балалар қызығатын әрекет түрі.Қимылды ойындарына балалар қызығушылық танытты маған ұнады балалар белсенділік танытты.

2) Тәрбиеші:Г.Беркетова сөз сөйледі.Менің ұйымдастырылған іс-әрекетімнің тақырыбы «Қыс қызығы» міндеттерім

3)Психолог: М.Маханбетиярова менің ұйымдастырылған іс-әрекетімнің тақырыбы «Теңіз түбіндегі өмір».Менің міндетім теңіз түбіндегі иелерінің алуан түрлілігін ,олардың тіршілік ету ерекшеліктерін және табиғаттағы маңызын зерттеу. Мен өз міндетіме жеттім деп ойлаймын.

Шығып сөйлеушілер:Тәрбиеші: А.Бахтыбаева Әріптесіміз М.Маханбетиярованың түзету жұмыстары жақсы деңгейде ұйымдастырылды. Ресурстары да бала басына жеткілікті балалар тапсырмаларды қызыға орындады. Әріптесімнің іс-әрекетін жақсы деп бағалаймын.

Тәрбиеші: Ж.Курманалиева М.Маханбетиярова әріптесімнің ұйымдастырылған іс-әрекеті түзету-дамыту жұмысы ұйымдастырылуы жақсы. Менің айтатын ұсынысым тапсырманы сұрағанда балалардың барлығынан бірдей сұрамай жеке сұрауыңыз керек еді. Балалар барлығы бірдей жауап беріп жатыр.

Шешім: Тәрбиеші Г.Беркетованың, музыка жетекшісі К.Ерназарованың, психолог М.Маханбетиярованың ұйымдастырылған іс-әрекеттері жақсы деп бағалансын.

«бірауыздан» – 7

Педагогикалық кеңес мүшелері мен шақырылған тұлғалардың ұсыныстары,
ұсынымдары және ескертулері қабылдады.



Төраға

Хатшы

Ә.Әйтбембет
М.Рахмет

Ә.Әйтбембет

М.Рахмет

**№5-педагогикалық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

2026 жылғы «25» мамыр

Қатысқандар: 7

Болмағандар:0

Өткізу формасы: дөңгелек үстел.

Күн тәртібі:

1. № 4-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. Э.Әйтбембет
2. 2025-2026 оқу жылындағы жұмыстың нәтижелілігі, 2025-2026 оқу жылындағы жұмысты талдау Э.Әйтбембет
3. Балалардың даму мониторингін талдау М.Рахмет
4. Топ тәрбиешілерінің оқу жылында атқарған жұмысы туралы есебі (топ тәрбиешілері).
5. №8 «Тілашар» бөбекжай-балабақшасында психолог, логопедтің 2025-2026 оқу жылындағы қызметінің есептері.
6. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің 2026-2027 оқу жылына арналған негізгі бағыттарының жобасын анықтау Э.Әйтбембет.
7. 2026 -2027 оқу жылына арналған жұмыстың жылдық міндеттерін бекіту.
8. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту.
9. Педагогикалық кеңестің шешімі.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Э.Әйтбембет сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау:

Шешім: 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімі (хаттаманың №5 және өткізілген күні) орындалды деп танылды:
«бірауыздан» -7 ;

Жауапты: балабақша меңгерушісі Э.Әйтбембет.

Мерзімі: тұрақты.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Э.Әйтбембет сөз сөйледі. Баяндама барысында меңгеруші балабақшаның өткен оқу жылындағы жұмысының нәтижелері туралы есепті, сондай-ақ балабақша шеңберінде орындалған міндеттер мен жеткен жетістіктерді талдауды ұсынды.

Талқылаудың негізгі аспектілеріне білім беру қызметі, балалардың даму нәтижелері, ата-аналармен өзара әрекеттесу және балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсарту бойынша айтып өтті. Оқу жылына қойылған барлық негізгі міндеттер орындалды. Педагогтер білім беру процесінде заманауи әдістер мен технологияларды белсенді қолданды, бұл балалардың білім деңгейі мен дағдыларын арттыруға ықпал етті.

Шешім: 2.

1. Балабақша ұжымының 2025-2026 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылып, тәрбие-білім беру қызметі мен балалардың дамуындағы жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген жоғары нәтижелер атап өтілсін.

2. Келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспарында мынадай бағыттарға назар аудару керек:

- дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жаңарту бойынша жұмысты жалғастыру;
- балалардың танымдық және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған жаңа білім беру технологияларын енгізу;
- тұрақты кездесулер, бірлескен жобалар мен іс-шаралар өткізу арқылы ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту;

«бірауыздан» – 7

Жауапты: балабақшаның әдіскері М.Рахмет

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері М.Рахмет сөз сөйледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгерудің қорытынды мониторингінің нәтижелеріне тоқталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің негізгі бағыттары бойынша балалардың даму деңгейін бағалау, жеке жетістіктердің динамикасын, сондай-ақ білім беру процесінің күшті және әлсіз жақтарын анықтау. Топтардағы балалардың жалпы даму деңгейі жас нормаларына сәйкес келеді. Балаларды тәрбиелеу және оқыту бағдарламасы толық көлемде жүзеге асырылады, бұл олардың дамуына жағымды әсер етеді.

Негізгі басым жақтары:

- балалардың тұрақты әлеуметтік-коммуникативтік дамуы, ұжымда өзара әрекеттестікке дайындығы;
- ересек топтағы балалардың сөйлеуінің дамуы мен танымдық белсенділігінің жоғары деңгейдегі нәтижелері;
- балалардың шығармашылық ҰІӨ қызығушылығының жоғары болуы және көркем-эстетикалық іс-шараларға белсенді қатысуы.

Қосымша назар аударуды қажет ететін проблемалық аймақтар:

- кіші топтарда ұсақ моториканы дамыту және қозғалыстарды үйлестіру жөніндегі жұмысты күшейту қажеттілігі;
- артикуляция және жүйелі сөйлеуінде проблемалары бар балалармен сөйлеу ҰІӨ көбірек көңіл бөлу;

- кейбір балалардың зейіні мен еске сақтауын дамыту үшін қосымша ҰІӨ жүргізу.

Шешім: 3.

1. Логопед пен педагогтердің артикуляция және жүйелі сөйлеуді қалыптастыруда қиындықтарға тап болған балалармен сөйлеуді дамыту жөніндегі жұмысын күшейту. Ойын түрінде ҰІӨ қосымша жаттығулар әзірлеу.
2. Балалардың дене дамуы бойынша қосымша ҰІӨ өткізу, әсіресе кіші топтарда үйлестіру мен ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулар өткізу.
3. Ата-аналарға сөйлеуді және ұсақ моториканы дамыту бойынша кеңес беруді ұйымдастыру, оларға үйде балалармен ҰІӨ өткізуге арналған ойындар мен жаттығулар ұсыну.
4. Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың даму картасына өзгерістер енгізу:

«бірауыздан» – 7;

Жауапты: балабақшаның әдіскері М.Рахмет

Жоспардың төртінші тармағы бойынша топ тәрбиешілері есеп берді.

Жоспардың бесінші тармағы бойынша балабақша мамандары есеп берді.

Шешім: 4. 5.

1. Тәрбиешілер мен мамандардың 2025-2026 оқу жылындағы есептері қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Аудандық деңгейде педагогтердің үздік тәжірибесін жалпылау (педагогтердің деректерін тізімдеу), №8 «Тілашар» бөбекжай- балабақша педагогтерінің жұмыстарын облыстық аудандық конференцияда жариялау үшін педагогтердің деректерін тізімдеу ұсыну және т.б.

Жауапты: балабақшаның әдіскері М.Рахмет.

Жоспардың алтыншы тармағы бойынша балабақша менеджері Э.Әйтбембет сөз сөйледі, ол педагогтерді мектепке дейінгі ұйым қызметінің 2025-2026 оқу жылына арналған негізгі бағыттарының жобасымен таныстырды.

Шешім: 7.

1. Педагогтер мектепке дейінгі ұйым қызметінің 2025-2026 оқу жылына арналған негізгі бағыттарының жобасымен таныссын және түзетулер енгізсін.

Жауапты: балабақшаның әдіскері М.Рахмет.

Жоспардың жетінші тармағы бойынша балабақша әдіскері М.Рахмет сөз сөйледі, ол педагогтерді 2026-2027 оқу жылына арналған жұмыстың негізгі міндеттерімен таныстырды.

Шешім: 7.

Педагогтер жұмыс жоспарының жобасымен таныссын және түзетулер енгізсін.

Жауапты: балабақшаның әдіскері М.Рахмет

«бірауыздан» – 7;

Жоспардың сегізінші тармағы бойынша балабақша мейірбикесі А.Кожаметова сөз сөйледі, жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекітуді ұсынды.

Шешім: 8.

1. 2025-2026 оқу жылындағы жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарының жобасы өзгеріссіз бекітілсін.

Жауапты: балабақша әдіскері, М.Рахмет, мейіркеші А.Кожаметова
Педагогикалық кеңес мүшелері мен шақырылған тұлғалардың ұсыныстары, ұсынымдары және ескертулері қабылданды.



Төраға

Э.Әйтбембет

Э.Әйтбембет

Хатшы

М.Рахмет

М.Рахмет